

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ОБЛЫСТЫҚ ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘРДЕМ
СТАНЦИЯСЫ» ШЖҚ МКК**

ХАТТАМАСЫ № 1

07.03.2024

Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ның мәжіліс залында: **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарыне сақтай мәселелері бойынша** кезектен тыс жиналыс өткізілді.

Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясының басшысы Б.Мырзагелдиев төрағалық етіп, басшы орынбасарлары мен барлық әкімшілік бөлімі қызметкерлері.

Күн тәртібіндегі мәселе:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және алдын алу мәселесі бойынша»

Тақырыбы:Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы (2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ),ҚР Қылмыстық кодексі (Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ) және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі (214 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ).

Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясының заңгер О.Омар өз сөзінде: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 1-бабының 5-тармақшасына мүдделер қақтығысы-жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттілік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделерімен олардың лауазымдық өкілеттіліктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері оладың өз лауазымдық міндеттерін орындауына және тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» » Заңның 1-бабының 6-тармақшасына сәйкес сыбайлас жемқорлық-жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттілік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдылық өкілеттіліктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу максатында заңсыз пайдалануы,сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арықыл осы адамдарды параға сатып алу;

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» » Заңның 8-бабына сәйкес

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау (ішкі және сыртқы) – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша айқындайтын тәртіппен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган мынадай бағыттар:

1) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін қозғайтын құқықтық және өзге де актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ұйымдық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізуге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де субъектілерінің мамандарын және (немесе) сарапшыларын тартуға құқылы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлықтың туындау себептері мен жағдайларын жою жөнінде шаралар қабылдайды.

Сонымен бірге ҚР Қылмыстық кодексіне сай сыбайлас жемқорлық қылмыстар – осы Қылмыстық кодекстің 189, 190, 218, 234, 249, 361, 362, 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451, 452 баптарында көзделген.

Атап айтқанда: 189 бап. сеніп тапсырған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе талан таражға салу; 190-бап. Алаяқтық; 218- бап. Қылмыстық жолмен алған ақшаны не өзге мүлікті заңдастыру; 234-бап. Экономикалық контрбанда; 249-бап. Рейдерлік; 361-бап. Лауазымдық өкілеттіліктерді теріс пайдалану; 362-бап. Билікті немесе лауазымдық өкілеттіліктерді асыра пайдалану; 364-бап. Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу; 365- бап. Заңды кәсіпкерлік қызметпен айналысуға кедергі жасау; 366-бап. Пара алу; 367-бап. Пара беру; 368- бап. Паракорлыққа делдал болу; 369-бап. Қызметтік жалғандық жасау; 370-бап. Қызметтегі әрекетсіздік; 450- бап. Билікті теріс пайдалану; 451-бап. Билікті асыра пайдалану; 452-бап. Биліктің әрекетсіздігі; Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің аталған орын алған жағдайда тиісті еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға немесе тиісті жылға бас бостандығының айырылуға жазаланады. Сомен қатар Қазақстан республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасы:

1. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасы осы Кодекстен тұрады.

2. Осы Кодексе Қазақстан Республикасының Конституциясына, халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларына негізделеді.

2-1. Осы Кодекске өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздемейтін заңмен жүзеге асырылады.

Бұл ереже әкімшілік жауаптылықты алып тастау жағдайларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен әзірленетін заң жобаларына қолданылмайды.

Бұл ереже әкімшілік жауаптылықты алып тастау жағдайларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен әзірленетін заң жобаларына қолданылмайды.

3. Әкімшілік-деликтік құқықтық қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының және Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың құрамдас бөлігі болып табылады.

4. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Кодекс алдында басымдыққа ие болады және халықаралық шарттан оны қолдану үшін заң шығаруды талап ету туындайтын жағдайлардан басқа кезде, тікелей қолданылады. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделгеннен өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық кодексте және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте көделген.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушыларды анықтауды, жолын кесуді, ашуды, тергеп – тексеруді және алдын алуды және оларды жасауға кінәлі адамдарды жауапқа тартуды өзі құзірет шегінде прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, әскері полиция органдары, экономикалық тергеп-тексеру қызметі, Қазақстан республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі анықталған жағдайда азаматтар 1424 тегін call орталығына қоңырау шалып, мемлекетке хабарлай алады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін адам мемлекет қорғауында болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен ұсынылады. Көрсетілен ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Содыктан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық ҚР азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Әрбір қазақстанды, әрбір отбасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-бүкіл қоғамның ісі екенін түсіну керек.

Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясының басшысы Б.Мырзагелдиев өз сөзінде: Бүгінгі жиналысымыздың маңызды тақырыбының бірі «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС» сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық паракорлық дертімен бетпе-бет келеді. Сондықтан кез келген ортада пара беру мен апар алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Паракорлық

мемлекеттік органдардың тиісті жұмыс атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін бұзылуына түрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күресу арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы.

Жоғарыда аталғандардың негізінде қортындылай келе, медициналық ұйымдардың барлық басшы орынбасарлары мен барлық әкімшілік бөлімі, бөлім менгерушілері, аға дәрігерлер, дәрігерлер, аға фельдшерлері мен фельдшерлер тікелей жауапкершілігімен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы (2015 жылғы 18 қарашадағы №410-заңын басшылыққа ала отырып, басқарып отырған мекеменің жалпы жүйесінде өз құзірет шегінде талаптарын орындап, онда көзделген тәртіптік шара қолдана отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық кодексте және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы көзделгені туралы айтып, таныстырылды.

Қызметкерлерге сұрақтар беріліп, оның барлығына толықтай жауап қайтарылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында тиісті шаралар қолданылатындығын ескертті.

Мәжіліс төрағасы :

Хатшы: ЕҚ және ТҚ инженер



Б.Мырзагелдиев

Д.Туленов